

"2011 жылғы 25 тамыздағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі арасындағы Балқаш жылу электр станциясын дамыту, қаржыландыру, жобалау, салу, пайдалану және оған техникалық қызмет көрсету саласындағы келісімге өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі арасындағы хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 6 маусымдағы 576 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«2011 жылғы 25 тамыздағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі арасындағы Балқаш жылу электр станциясын дамыту, қаржыландыру, жобалау, салу, пайдалану және оған техникалық қызмет көрсету саласындағы келісімге өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі арасындағы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламент Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

С.Ахметов

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ 2011 жылғы 25 тамыздағы
Қазақстан Республикасының Үкіметі
мен Корея Республикасының Үкіметі арасындағы Балқаш жылу электр
станциясын дамыту, қаржыландыру, жобалау, салу, пайдалану және
оған техникалық қызмет көрсету саласындағы келісімге өзгерістер
енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Корея Республикасының Үкіметі арасындағы
Хаттаманы ратификациялау туралы**

2012 жылғы 4 желтоқсанда Астанада жасалған 2011 жылғы 25 тамыздағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі арасындағы Балқаш жылу электр станциясын дамыту, қаржыландыру, жобалау, салу, пайдалану және оған техникалық қызмет көрсету саласындағы келісімге өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі арасындағы Хаттама ратификациялансын.

2011 жылғы 25 тамыздағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі арасындағы Балқаш жылу электр станциясын дамыту, қаржыландыру, жобалау, салу, пайдалану және оған техникалық қызмет көрсету саласындағы келісімге өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі арасындағы ХАТТАМА

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі (бұдан әрі Тараптар деп аталатын),
2011 жылғы 25 тамыздағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі арасындағы Балқаш жылу электр станциясын дамыту, қаржыландыру, жобалау, салу, пайдалану және оған техникалық қызмет көрсету саласындағы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) 10-бабын басшылыққа ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Келісімге мынадай өзгерістер енгізілсін:

1. Келісімнің кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:
«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі (бұдан әрі Тараптар деп аталатын)

«Балқаш жылу электр станциясы» жобасын (бұдан әрі - Жоба) теңдік пен өзара тиімділік қағидаттары негізінде іске асыруға мүдделілік білдіре отырып,

Жобаны іске асыруға байланысты жасасуға жататын шарттарды - электр станциясын жобалауға, сатып алуға және салуға арналған шартты, электр станциясын пайдалануға және оған техникалық қызмет көрсетуге арналған шартты, отын жеткізу шартын, пайдалануға жаңадан берілетін өндіруші қондырғылардың электр қуатын дайындықта ұстау жөніндегі көрсетілетін қызмет туралы ұзақ мерзімді шартты (бұдан әрі - Жобалық келісімдер) назарға ала отырып,

Осы Келісім жобаны табысты іске асыру мақсатында Тараптар арасындағы ынтымақтастықтың дамуына ықпал ететіндігін және Жобаны іске асыру, қаржыландыру, жобалау, салу, пайдалану және оған техникалық қызмет көрсету үшін қажет екендігін атап көрсете отырып,

Жоба электрмен сенімді жабдықтауды қамтамасыз ету үшін жобаланатынын, салынатынын, іске асырылатынын және қаржыландырылатынын мойындай отырып, сондай-ақ Қазақстан Республикасында инвестициялар үшін қолайлы жағдайлар жасау

қажеттігін ескере отырып,
төмендегілер туралы келісті:».

2. Келісімнің 2-бабы мынадай редакцияда жазылсын:
« 2 - б а п

Жобаны іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі регрестің шектелген құқығы бар жобалық қаржыландыру талаптарына сай келетін ұзақ мерзімді шартқа сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған баға, көлем және мерзім бойынша Жобалық компаниядан пайдалануға жаңадан берілетін өндіруші қондырғылардың электр қуатын дайындықта ұстау жөніндегі көрсетілетін қызметін сатып алатын ұйымды айқындайды.».

3. Келісімнің 8-бабының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы баптың ережелері тек Жоба шеңберінде Жобалық компания мен Жобаны іске асыруға қатысатын мердігерлік ұйым жүзеге асыратын жұмыстарды (қызметтерді) өткізу жөніндегі кірістер мен операцияларға қатысты қолданылады және кредиттік шартқа қол қойылған күнінен бастап пайдалануға жаңадан берілетін өндіруші қондырғылардың электр қуатын дайындықта ұстау жөніндегі көрсетілетін қызмет туралы ұзақ мерзімді шартта айқындалған соңғы күнге дейін қолданылады.».

2-бап

1. Осы Хаттама Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап күшіне е н е д і .

2. Осы Хаттама Келісімнің қолданысы тоқтатылғанға дейін қолданыста болады.
2012 жылғы 4 желтоқсанда Астана қаласында әрқайсысы қазақ, корей, ағылшын және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіндер тең түпнұсқалы болып т а б ы л а д ы .

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінеді.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Корея Республикасының

Үкіметі үшін».

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Бұдан әрі Хаттаманың ағылшын және корей тілдеріндегі мәтіні берілген.